



маусымдағы N 591 бұйрығымен бекітілген отандық өндірістегі алкоголь және темекі өнімінің акциздік таңбаларын есепке алу, сақтау және сату Ережелеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

1-тармақтың 3-азат жолы мына редакцияда баяндалсын:

"отандық темекі бұйымдары (мына атауларынан басқа, филтрсіз барлық сигареттер мен папиростар)".

2 - т а р м а қ т а :

1-азат жолда "үш түрі: арақ, күшейтілген ішімдіктер және шарап" сөздері "бес түрі: арақ, күшті алкогольды ішімдіктер, әлсіз алкогольды ішімдіктер, шарап және коньяк - пайдаланылатын сыйымдылығына байланысты (бұдан былай - сыйымдылық) былай бөлінеді: 0 л - 0,24 л, 0,25 л, 0,26 л және одан аса";

3-азат жол "және таңбаның шығарылған жылы" сөзімен толықтырылсын";

3-тармақ мына редакцияда баяндалсын:

"3. Акцизделетін өнімді, сондай-ақ тәркіленген әрі соттың шешімімен ары қарай сатылуға жататын акцизделетін өнімді таңбалауға керек акциздік таңбалар облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша тиісті Салық комитетінде ( бұдан былай - облыстық салық комитеттері) беріледі.

4 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

5-тармақ "акциздік алым таңбалары сатып алған орны бойынша тиісті салық комитеттеріне қайтарылудан басқа" сөзімен толықтырылсын;

6 және 7-тармақ мына редакцияда баяндалсын:

"6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімінің өндірілуіне және айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің аумақтық басқармалары (бұдан былай - Комитеттің аумақтық басқармалары) тәркіленген өнімді сатумен айналысатын отандық тауар өндірушілер мен кәсіпорындардан белгіленген тәртіппен акциздік алым таңбаларын сатып алуға тапсырыстардың жиналуын қамтамасыз етеді әрі біріктірілген тапсырыстарды айларға, түрлерге, сыйымдылықтарға бөле отырып, Алкоголь өнімінің өндірілуіне және айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетке (бұдан былай - Комитет) тапсырады.

7. Комитет аумақтық басқармалардың тапсырыстарына сәйкес акциздік таңбаларды түрлері бойынша әзірлеуге тапсырыстарды Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Банкнот фабрикасына (бұдан былай - Банкнот фабрикасы) орналастырады әрі жинақтық тапсырысты Алматы қаласының салық комитетіне тапсырады. "

11-тармақта "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық полициясы комитетінің облыстық басқармаларының өкілдерінен тұратын" сөздері алынып тасталсын;

12-тармақта "тәркіленген өнімнің түсуіне байланысты Салық полициясы

комитетінің басқармалары" сөздері "мұндай өнімді сатумен айналысатын ұйымдар" сөздерімен ауыстырылсын;

13-тармақта "комитеттері" сөздерінен кейін "алкоголь өнімінің ірі өндірушілері" сөздерімен толықтырылсын;

14-тармақта "комитеттері" сөздерінен кейін "сондай-ақ Банкнот фабрикасынан алынған әрі салық комитеттері мен ірі алкоголь өнімін өндірушілерге берілген акциздік таңбалар туралы Комитетке және облыстық салық комитеттеріне есеп беру" сөздерімен толықтырылсын;

4-тараудың атауында "Салық полициясы комитетінің басқармалары" сөздері "тәркіленген өнімдермен айналысатын ұйымдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақтың 4-азат жолы алынып тасталсын;

22-тармақта "алкогольды" сөзі "акцизделетін" сөзімен ауыстырылсын;

23-тармақтың:

1-азат жолында "Салық полициясы комитетінің басқармалары" сөздері "облыстық салық комитеттері" сөздерімен ауыстырылсын;

2-азат жолында "Салық полициясы комитетінің басқармалары берген" сөздері алынып тасталсын;

3-азат жолында "Салық полициясы комитетінің басқармаларымен" сөздері "облыстық салық комитеттерімен" сөздерімен ауыстырылсын;

6-азат жолы алынып тасталсын;

24-тармақ мына редакцияда баяндалсын:

"24. Өндіруші ұйымдарға алдағы бір айға акциздік алым таңбаларын беру жылдық тапсырылатын акциздік таңбаларды сатып алу тапсырысына сәйкес айларға бөле отырып, әрі бұрын алынған акциздік таңбаларды пайдаланғаны туралы есеп бар болғанда ғана жүргізіледі. Бұрын ұсынылған тапсырысқа алкоголь өнімінің саны мен түрлерінің бөлігі бойынша өзгертулер мен толықтыруларды алкоголь өнімін өндірушілер таңбалар берілетін айдан 45 (қырық бес) күнтізбелік күн бұрын беруі керек. Мерзім біткеннен кейін өзгертулер мен толықтырулар қабылданбайды."

27-тармақ мына редакцияда баяндалсын:

"27. Заңды және жеке тұлғаға пайдаланылмаған акциздік таңбалар үшін ақшалай қаражаттар оның есепшотына 3 ай ішінде аударылуы тиіс.";

44-тармақта:

1-азат жолда "тәркіленген акцизделетін өнімді таңбалау үшін Салық полициясы Комитетінің облыстық басқармаларына" сөздері "тәркіленген акцизделетін өнімді сатумен айналысатын ұйымдарға, оны таңбалау үшін" сөздерімен ауыстырылсын;

2-азат жолда "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі"

сөздері "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімінің өндірілуіне және айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті" сөздерімен ауыстырылсын;

№ 1 және № 2 қосымшаларда "199" саны "200" санымен ауыстырылсын;

№ 3 қосымшада "1999 жылғы 19 сәуірдегі № 431 "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы" сөздері "2001 жылғы 21 маусымдағы № 846 "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімінің өндірілуіне және айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті 2001 жылдың екінші жартысына алкоголь өніміне акциздік таңбаларды әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Банкнот фабрикасының атына тапсырыс жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнімнің өндірілуіне және айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті (Н. Шайдаров) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Әкімшілік департаменті (С.К. Елшібеков) Кеден комитетінің, Салық комитетінің облыстар, Алматы және Астана қалалары, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнімнің өндірілуіне және айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің бірінші басшыларына дейін, осы бұйрықты жеткізсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.